

Жаны жайсаң
азамат еді...

2

Итоги деятельности
КМТФ

3

Басты құндылық –
қызметкерлер өмірі

4

Подписан договор
о поставках сжатого
воздуха и азота

8

munailymeken.kz

Munaily meken

№ 10
Qazan
2019 jyl

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады



Өнерлі мұнайшылар өз ортамызда!



5-7▶▶

Жаны жайсаң азамат еді...



2019 жылғы 12-ші қазан күні 56 жасында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Мұнай және газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры Абат Ақмұқанұлы Нұрсейітов мезгілсіз дүниеден озды.

Ардақты азамат отандық мұнай-газ өндірісін өркендетуге зор үлес қосқан майталман мұнайшы, әріптестеріне, айналасындағы адамдарына өмірлік ұстанымына адал, кішіпейіл, еңбекқор әрі білгір жан ретінде танылды.

Абат Ақмұқанұлы 1963 жылы 13 мамырда Атырау облысында (бұрынғы Гурьев облысы) дүниеге келген. 1986 жылы Қазақ политехникалық институтын бітірді. Еңбек жолын

қарапайым жұмысшы болып бастап, ақыл-парасатының, қайсар мінезі мен жеңімпаз рухының арқасында талай биікті бағындыра білді. Өндірісте шыңдалып, үлкен өмір мектебінен өтті.

Барлық саналы ғұмырын бейнеті мен зейнеті мол мұнай-газ өнеркәсібіне арнаған Абат Нұрсейітов «Күмкөл-Лукойл», «Торғай-Петролеум», «ЛУКОЙЛ», «ҚазМұнайГаз» Барлау және Өндіру», «Самұрық-Қазына», «ҚазМұнайГаз» секілді компанияларында басшылық қызметтер атқарды. Елдің игілігі үшін сіңірген еңбегі еленіп, «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20

жыл», «Қазақ мұнайына 100 жыл», «Қазақ мұнайына 120 жыл» медальдарымен марапатталды.

Абат Ақмұқанұлына сабырлық пен парасаттылық, ізгілік пен мейірімділік секілді қасиеттер тән еді. Өз ісінің хас шебері, жаны жайсаң, көркем мінез иесі болатын... Ардақты азаматтың жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады.

Топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын. Алды пейіш, арты кеніш болсын дейміз.

«ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ
ұжымы

Социальный аспект

Нефтяники Жетыбая справили новоселье

В этом году помимо 120-летия Казахской нефти, 40-летия месторождения Каламкас, нефтяники Мангистау отмечают, еще одну важную дату: 50-летие месторождения Асар, одного из крупнейших месторождений, входящих в структуру производственного управления «Жетыбаймунайгаз» акционерного общества «Мангистаумунайгаз». В честь славного юбилея 26 октября на месторождении Асар состоялась торжественная церемония открытия нового общежития, с новосельем нефтяников поздравил Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Алик Айдарбаев.

Примечательно, что именно Алик Айдарбаев в мае текущего года закладывал первый камень в основание здания общежития, и вот спустя пять месяцев Глава КМГ уже поздравляет нефтяников с новосельем.

– В этом году месторождение Асар отмечает полувековой юбилей, – сказал Алик Айдарбаев. – И отрадно, что в юбилейный год нефтяники Асара полностью справляются с производственными задачами. В целом и сама компания «Мангистаумунайгаз» успешно выполняет все поставленные цели. Хочу вас всех поблагодарить за проделанную работу и пожелать успехов. Поздравляю нефтяников с новосельем, уверен, что для работников этот жилой комплекс на долгое время станет вторым домом, уютным и комфортным.

После традиционной церемонии перерезания красной ленточки Алик Айдарбаев вместе с руководством АО «Мангистаумунайгаз» осмотрел новое общежитие.

Двухэтажный жилой комплекс, уже прошел государственную экспертизу, он отвечает всем необходимым стандартам и рассчитан на проживание 50 человек. Каждая секция общежития оснащена санузлом, все комнаты оборудованы мебелью и системами кондиционирования воздуха, в фойе каждого этажа установлены телевизоры с подключением к спутниковому ТВ.

Нефтяники уже успели по достоинству оценить новое общежитие, и они признаются, что условия проживания значительно улучшились.

– Я помню времена, когда мы жили еще в вагончиках, – рассказывает механик контрольно-технической службы Ондасын Инжибай. – Потом были построены первые общежития на месторождении, тогда мы ютились по пять человек в одной комнате. Тем не менее, с каждым годом социально-бытовые условия улучшались. И вот теперь мы проживаем в новом комфортабельном общежитии, здесь для нас созданы все условия. Пользуясь случаем, искренне благодарю всех, кто принимал участие в строительстве здания.

Стоит отметить, что вместе с нефтяниками новоселье отметил и медицинский персонал: в новом общежитии четыре комнаты переоборудованы под медпункт.

– В новом медпункте созданы все условия для оказания качественной помощи, – говорит главный врач врачебной амбулатории на месторождении Жетыбай Умитхан Туманбаева. – Перевязочный кабинет предусмотрен для оказания первой медицинской помощи, в процедурном кабинете



больные получают амбулаторное лечение: например, если работник приболел, то он может здесь получить необходимую поддерживающую терапию, уколы, капельницу и т.д., также предусмотрена комната для приема больных и комната для отдыха медперсонала. В случае если больному требуется экстренная госпитализация, то мы вызываем реанимобиль, который прибывает на месторождение Асар в течение 30 минут. Реанимобиль на базе «Мерседеса» оснащен современным медицинским оборудованием, для того, чтобы и в пути оказывать необходимую помощь больному. Хочу выразить большую благодарность руководству АО «Мангистаумунайгаз» за открытие нового медпункта.

Напомним, что это уже второй жилой комплекс, построенный на месторождении Асар за последнее время: в сентябре 2018 года здесь уже состоялось открытие первого общежития рассчитанного на прожива-

ние 84 нефтяников. В целом за последние два года на месторождении были построены новая столовая, библиотека, крытый спортзал с необходимым инвентарем, а также открытая футбольная площадка с искусственным газоном.

В ближайшее время планируется начать строительство третьего общежития, ввод в эксплуатацию намечен на второй квартал 2020 года.

Сегодня на месторождении Асар вахтовым методом (в одну смену) работают около 150 сотрудников АО «Мангистаумунайгаз» и сервисных компаний, ежедневная добыча нефти составляет 1500 тонн. На месторождении модернизируется производство, внедряется проект «Интеллектуальное месторождение», улучшаются условия труда и быта рабочих. С начала разработки месторождения здесь было добыто 5 687 260 тонн нефти, остаточные запасы нефти составляют – 6 277 740 тонн. **MI**



«Сарыарқа» газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды

«Сарыарқа» газ құбырының құрылысы уақтылы аяқталды. 171 елді мекенді көгілдір отынмен қамтамасыз ететін құбырдың жалпы ұзындығы 1061,3 шақырымға созылып жатыр. Қазанның 9-шы жұлдызында Нұр-Сұлтан қаласының маңында «алтын торапты» дәнекерлеу рәсімі өтті.

«Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бес әлеуметтік бастамасы шеңберінде салынған газ құбыры Орталық Қазақстан мен ел астанасын ортақ газ тасымалдау желісімен байланыстырды. Бұл бір жылдан аз уақыт ішінде салынған тәуелсіздік жылдарындағы ең ірі инфрақұрылымдық жоба», – деді салтанатты рәсім барысында «Самұрық-Қазына» қорының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов.


Салтанатты шараға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының, ҚР Энергетика министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты.

Газ құбырының құрылысы осы жылдың наурыз айында басталған еді. Ол Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Нұр-Сұлтан бағыты бойынша салынды. Заманауи технологиялық жабдықты пайдалану дәнекерлеу жұмыстарын тәулігіне 6-8 шақырым жылдамдығымен жүргізуге мүмкіндік берді. Жоба құрылысына 2 мыңнан аса адам тар-

тылды. Бұл ретте құрылыс жұмыстары барысында еңбекті қорғау талаптары қатаң сақталғанын атап өткен жөн – 8 ай ішінде бірде-бір өндірістік жарақат алу оқиғасы тіркелмеді. Қазіргі уақытта Жезқазған, Қарағанды, Теміртау және Нұр-Сұлтан қалаларында газ өлшеу станциясы мен бес газ тарату станциясын салу жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. Бұдан кейін әкімдіктер елді мекендерді, соның ішінде елорданы газдандыру жұмыстарына кіріседі.

Жобаның құны – 267,3 млрд теңге. Газ құбыры пайдалануға тапсырылғаннан кейін «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамына жалға беріледі. Бұл компания газ тасымалдауды іске асыратын болады. Бұл ретте газ тарифін қалыптастыру кезінде компанияның газ құбырын пайдалану шығындары мен жалдық төлемдері ескеріледі. Дегенмен, соңғы бағаны ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті бекітеді. Себебі бұл осы мекеменің құзырындағы мәселе.

Өз тарапынан Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі елордада газ тарату желілерінің құрылысы үш кезеңге бөлінгенін атап айтады. Бірінші кезең бойынша мердігерлік ұйым анықталып,



құрылыс-монтаждау жұмыстары басталып та кетті. Жалпы, құрылыстың бірінші кезеңі 2020 жылдың соңында толық аяқталады.


Газ құбыры пайдалануға берілгеннен кейін оның экологиялық тиімділігі айқын болары сөзсіз. Екі миллионнан астам адам көгілдір

отынмен қамтамасыз етіліп, газ құбыры өтетін аймақтардың экологиялық ахуалы жақсарады. Бұдан бөлек, «Сарыарқа» магистралі бірқатар облыста шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етпек. **MI**

Итоги деятельности ТОО «НМСК «Казмортрансфлот» за 9 месяцев 2019 года

Каспийский регион


ОБЪЕМ ТРАНСПОРТИРОВКИ НЕФТИ,
ТЫС. ТОНН



Черное море



Средиземное море

ОБЪЕМ ТРАНСПОРТИРОВКИ НЕФТИ,
ТЫС. ТОНН



«Туркестан»

ФИДЕРНАЯ ЛИНИЯ С АПРЕЛЯ 2019 ГОДА,
КОНТЕЙНЕРЫ



Басты құндылық – қызметкерлер өмірі



Қазанның 15-17 күндері аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тең басқарушы директоры Қайрат Сақтағановтың бастамасымен «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамдарында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған көшпелі кеңестер өтті. Жиналыстарға ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының, ірі мердігер компаниялардың басшылары және еңбек қауіпсіздігіне жауапты мамандар қатысты.

Көшпелі кеңестердің мақсаты – қызметкердің тиімді еңбек етуі үшін қажетті жағдай жасау арқылы еңбек қауіпсіздігімен қамтамасыз ету. Кәсіби сырқат пен өндірістік жарақатты

болдырмау, апатты оқиғалардың алдын алу болып табылады.

Аталған жиындарда спикерлер өз салалары бойынша баяндама жасап, жиналысқа

қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, өзара пікір алды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тең басқарушы директоры Қайрат Сақтағанов өндіріс қауіпсіздігін сақтау – барлық уақытта басты назарда болатын мәселе, жұмысшыдан бастап басшыға дейін қатаң орындауды қажет ететін талап екенін атап айтты. Сондай-ақ, Қ.Сақтағанов ҚМГ компаниялары тобында корпоративтік бастамаларды енгізу жұмыстары және «Қорғау» картасын пайдалану тәртібі жөнінде баяндап берді.

– «Қорғау» картасын енгізудің мақсаты қауіпсіздік мәдениетін арттыру, жазатайым оқиғалар мен өндірістік жарақаттардың алдын алу, – деді Қ.Сақтағанов. – Әрбір қызметкер еңбек және техника қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының бұзылу фактілерін анықтаған кезде жұмысты тоқтатуға құқылы.

Өз кезегінде ҚМГ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры Винсент Спинелли компаниялардың бірінші басшыларын қауіпсіздікті қатаң сақтау мәселесіне аса жауапкершілікпен қарауға шақырды.

– Компания үшін басты құндылық – мұнайшы өмірі, оның амандығы. Таңертең ел игілігі үшін жұмысқа кеткен мұнайшы кешке қарай отбасына оралуы керек. Осы-

дан бірнеше жыл бұрын біз алдымызға еңбек және техника қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштері бойынша әлемнің үздік компаниялары қатарына кіру жөніндегі міндетін қойған едік. Содан бері осы салада біраз жетістікке жеттік. Соңғы бес жылда өндірісте өлімге әкелген жағдайлар саны 80%-ға азайды, денсаулығына байланысты өлім саны 46%-ға төмендеді, жарақат алу деңгейі 50%-ға, жол-көлік апаттар саны 37%-ға қысқарды. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштеріміз де жақсы. Ұжым қызметкерлерінің қатысу деңгейі артып келеді, – деді Винсент Спинелли.

Сондай-ақ, жиындарда кризистік жағдайларды еңсеру және жарақат алуды азайту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері талқыланды. **М**



Жақсы жағдай – нәтижелі еңбек!

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының «Жайықмұнайгаз» және «Жылоймұнайгаз» мұнай-газ басқармаларына (МГӨБ) барған жұмыс сапарының күн тәртібіндегі негізгі мәселе мұнайшылар үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және осы жылғы жоспарлардың орындалуы болды.

– Ембімұнайгазда Компания қабылдаған миссия мен құндылықтар аясындағы өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру бойынша көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Мұнайшылардың еңбек етуі мен демалуы үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған бірқатар жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылуда, – деді ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков МГӨБ ұжымдарымен кездесу барысында.

Компания басшысы 24 дана арнайы техника үшін салынып жатқан гараж-тұрағын қарап, сапаны қатаң түрде қадағалау қажеттілігін атап өтті. Оңтүстік-Батыс Қамысты кен орнында болған кезде көлденең бұрғылау жүргізіліп жатқан №242 ұңғымаға кірме

жолдың құрылысы тексерілді. Осы жерде Ә.Жақсыбеков аталған учаскеде жоспарлы жұмыстарды жүргізіп, жерасты жөндеу тобының жұмысшыларымен сөйлесті. Сапар барысында ЕМГ басшысы №2 су тарату станциясының жұмысымен танысты.

Өндіріс сапары барысында болған жиында осы жылдың тоғыз айы бойынша жоспарланған міндеттердің орындалуы жөнінде ақпарат алынды және ЕМГ мен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жауапты департамент өкілдеріне бірқатар өндірістік міндеттерді шешуге және әлеуметтік нысандарды салуға тапсырма берілді.

ЕМГ басшысының «Жылоймұнайгаз» МГӨБ-на барған кездегі нұсқауларының бірі – Құлсары қаласының орталығы тұрғындарының сүйікті демалыс орны – «Мұнайшылар» паркін күрделі жөндеу жөніндегі тапсырма болды.

«Жылоймұнайгаз» МГӨБ-на жұмыс сапары барысында Ә.Жақсыбеков бірқатар өндірістік нысандардың жұмысымен танысып, қорытынды жиын өткізді. Онда басқару көрсеткіштері мен проблемалық мәселелер, оның ішінде тиімділігі төмен кен орындарының инфрақұрылымына инвестиция салудың қажеттілігі төмен екені талқыланды. **М**

Жаңа нысанның іргетасы қаланды

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС-де өндірістік қамту базасы ғимаратының алғашқы іргетасы қаланды. Салтанатты шараға Жаңаөзен қаласының әкімі М.Ибағаров, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-сервисі жөніндегі басқарушы директоры А.Шәненова және «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Е.Өтеев, ұжым мамандары, еңбек ардагерлері және мердігер мекеменің өкілдері қатысты.

Қызметкерлер игілігіне салынып жатқан заманауи үлгідегі жаңа нысан негізінің қалануы шарасында бірінші болып «ӨзенМұнайСервис» серіктестігінің бас директоры О.Тарғынов сөз алды.

«Осыдан үш жыл бұрын «Круз» және «Жөндеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің бірігуі нәтижесінде «ӨзенМұнайСервис» компаниясы құрылған еді. Қос мекеменің міндет-мақсатын біріктіріп, мұнай және газ өнеркәсібіне озық үлгідегі сервистік қызмет көрсететін ұжым ретінде қызметін жалғастырған серіктестіктің 5 жылдық даму стратегиясы қабылданды.

Бүгін осы стратегияның шеңберінде жаңадан бой көтеретін нысанның алғашқы іргетасы қаланбақ. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын», – деді серіктестік басшысы.


«ҚазМұнайГаз» ұлттық компанияның атынан арнайы келген А. Шәненова «Осындай маңызды күнді ерекше күттік. Бүгінгідей кішігірім болса да, үлкен игі істің бастамасы болған мерекеміз құтты болсын», – деп сөзін бастап, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-не үлкен әрі заманауи талаптарға сай, қауіпсіздік деңгейі өте жоғары өндірістік қамту базасы қажет екендігі осыған дейін бірнеше рет жиындарда мәселе ретінде көтерілгендігін айта келе, іргетасы қалана бастаған ғимарат мамандардың сапалы қызмет жасап, жоғары деңгейде өндірістік мәдениет және үздік еңбек үлгісін қалыптастыруға септігін тигізетіндігіне сенім білдіріп, амандықпен нысанды іске қосу шарасында бас қосайық деген лебізін жолдады.

Шараның құрметті қонақтары жаңа нысанның алғашқы іргетасын қалауға кезекпен атсалысып, ұжым қызметкерлерінің шынайы лебізі жазылған капсуланы жауып, арнайы қорапқа салды.

Еңбек ардагерлері ақ батасын беріп, ақын Қ.Рейімбайұлы өлең жолдарын арнады. Сондай-ақ, өнерпаздар әсем әндерін шырқап, мың бұралған бишілер би биледі. **М**



Өнерлі мұнайшылар өз ортамызда!



Газетіміздің бүгінгі санында «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобында еңбек етіп, ел экономикасының өркендеуіне, мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына үлесін қосып қана қоймай, түрлі салада өздерін көрсетіп жүрген мамандармен таныстыруды жөн көрдік. Біздің мұнайшылар өте талантты! Ұжым

қызметкерлері арасынан түрлі өнер иесін кездестіре аласыз. Біреуі сахнада ән айтса, енді біреуі сурет салады. Тағы біреуі саз балшықтың сырын меңгеріп, одан түрлі бұйымдар жасайды. Спорттың бірнеше түрімен айналысып, халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысып жүрген мұнайшылар да жетерлік.



Три золота Куаныша

Алтынгуль МЕНДИХАН

Молодой специалист Мангистауского нефтепроводного управления АО «Каз-ТрансОйл» Аскар Куаныш стал обладателем трех золотых медалей паралимпийских игр Казахстана – международных спортивных соревнований для людей с инвалидностью, которые проводятся один раз в 4 года.

В Актобе за медали высшей пробы боролись более 200 спортсменов из 15 областей страны. Наш коллега, член национальной сборной РК по плаванию Аскар Куаныш, в очередной раз показал высокий класс, став лучшим сразу в трех дисциплинах – на дистанции 50 метров вольным стилем, на дистанции 100 метров на спине и 200 метров комплексным плаванием. Ещё одно золото команда г. Актау добыла в эстафете 4x100 метров комплексным плаванием.

Куаныш – мужественный молодой человек, который никогда не жалуется на свою судьбу. В 13 лет, оставшись по нелепой случайности без правой руки, посвятил все свободное время занятиям спортом. Сегодня он завоевывает медали, он целе-

устремлен и позитивен: «Жизнь прекрасна, и нужно ценить каждый ее момент», – говорит Куаныш!

Благодаря силе характера и воле к победе он достиг уровня мастера спорта РК по легкой атлетике среди людей с ограниченными возможностями, стал многократным чемпионом Республики Казахстан по этому виду спорта. Куаныш – финалист Азиатских игр в беге на 100 метров и в прыжках в длину. Но особых успехов он добился в плавании. Многократный чемпион РК, призёр международных турниров по плаванию, 2-х кратный бронзовый призер Всемирных игр в г.Дубай, 2-х кратный серебряный призёр Всемирных игр Международной федерации ампутантов и колясочников (IWAS) в г.Сочи – вот далеко неполный перечень его спортивных достижений. В его копилке – более сотни медалей, половина из которых – наивысшей пробы. Куаныш имеет два высших образования. На хорошем счету на производстве. Был отмечен благодарственным письмом акима Мангистауской области за вклад в развитие спорта и благодарственным письмом ми-

нистра здравоохранения и социального развития – за завоеванную на Всемирных играх в г.Сочи медаль.

Считает, что побеждает благодаря, во многом, своему трудолюбию – не дает себе расслабиться, ежедневно тренируется, проплывает 5 километров: «Иногда в бассейн приходят от скуки, плещутся там. Но когда видят меня, плавающего без руки, им становится стыдно. Многие сами подходят и говорят об этом. Говорят, что я их мотивирую и они начинают плавать». Куаныш удивляется – почему людей должен кто-то мотивировать, подстегивать? «Возникает трудность в жизни – сразу бегут к психологу. Я думаю, каждый способен и должен в себе воспитывать силу духа. Стержень должен быть в самом человеке. Я никогда не отчаиваюсь, пытаюсь решать сам свои проблемы», – рассуждает Куаныш.

Куаныш Аскар – счастливый отец и муж. Вместе с супругой семейство воспитывает двоих детей. Наш коллега – гордость коллектива; человек, доказавший, что возможности человека и в самом деле – безграничны!



Рауан Сабиров – геологиялық мұражайды ашқан ембілік геолог

Галия ҚАРАЖАНОВА

Рауан Сабиров – «Ембімұнайгаз» АҚ Жаңа техника және технология департаментінің директоры. Сонымен қатар, ол бас кеңсенде ашылған геологиялық мұражайдың ұйымдастырушысы. Мұражайды Рауан Аманқосұлының бала кезден геология, археология, тарих саласына деген қызығушылығының жемісі деуге болады. Ол жұмыстан бос уақытында тарихи жәдігерлерді жинайды, сондай-ақ ұлттық аспаптардың құлағында ойнайды, қолына қалам алып, өлең шумақтарын да жазады. Енді кейіпкеріміздің айтарына құлақ түрsek...

«Геология, археология, тарих сияқты ілімдер мені кішкентайымнан қызықтыратын. Осы ілімдерге қызығушылығымды оятқан әкем деп айтсам да болады. Әкем туған жердің тарихын, қазақтың шежіресін жақсы білетін, жыр да жазатын. Аңшылық құрып шыққан кездерінде кішкентай мені қасынан тастаймай ертіп жүріп, жол бойынан кездескен қыр-төбелер мен өзен көлдердің атауы қалай шыққаны туралы айтып отыратын.

Геологиялық мұражай жасау туралы ой осыдан 12 жылдай бұрын «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да бас геолог болып жұмыс жасап жүрген кезімде келген болатын. Геологиялық қордағы ұңғылардың іс-қағаздарын қарау кезінде 1912-1913 жылы қазылған ұңғымалардың құжаттары қолыма іліккен болатын. Жазылғанына 100 жылдың үстіне шықса да қағаздардың жақсы сақталуы, ақ қағаз бетіндегі сиялардың күні кеше жазылғандай түсін жоғалтпауы, бұрғылау шеберлерінің әріптерді әсемдеп жазуы мені таңқалдырған еді. Сол жылдары қоқыс жәшігінде

шеті өртеніп жатқан жерінен табылған тағы бір құнды зат – белгісіз суретшінің теріге салған 1965 жылғы геологиялық картасы. Осындай құнды мәліметтерді көрген соң, олар мұрағат түскірінде қалмай көпшілік назарына да ұсынғылу керек деп ойлап, геологияға қатысты заттар, минералдар мен тау жыныстарын жинай бастадым. Қазіргі уақытта сол жинақтың көп бөлігі «Ембімұнайгаз» компаниясы бас кеңсесінің үшінші қабатынан геологиялық мұражай жәдігері ретінде орын алды.

Мұражайға магмалық (гранит түрлері, базальт, риолит, андезит, обсидиан, перидотит, пирогсенит, вулкандық туф, диорит, гранддиорит, боксит, пегматит, абсидиан, дацит, габбро), метаморфиялық (антрицит, гнейс түрлері, кристалды тақтатастар, мрамор, кремень, гранулит, филит, кварцит, роговик, серпентинит) және шөгінді (торф, известняк, туфобрекчия, конгломерат, доломит, саз түрлері, фосфорит, диатомит, құм тас түрлері, алевролит, брекчия, опока, аргиллит, кремнезем) т.б. солар сияқты көптеген тау жыныстары қойылды.

Мұражайда 500 миллион жыл бұрын Кембрий дәуірінде өмір сүрген теңіз түбінің жануары тікенекті триболит, коралдар және де аммониттер фрагменттері де қойылған.

Мұражайдың ашылуына қолдау көрсеткені үшін біріншіден, «Ембімұнайгаз» АҚ басшысы Жақсыбеков Әнуар Еркінұлына алғысымды білдіргім келеді. Жылдар бойы жинап жүрген жинағымды көпшілік назарына ұсынсам деген ойым бар еді деп айтқанымда, мүмкін өзі геолог болғасын шығар, бірден қолдады.

Екіншіден, жүздеген тау жыныстарын сипаттап, суреттеуге көмектескен Атырау мұнай



және газ университеті магистратурасындағы ұстаздарыма және де сирек кездесетін минерал түрлерін табуға қол ұштарын берген қазіргі таңда өзім оқып жатқан Қазақстан-Британ Техникалық Университетінің докторантура (PhD) оқытушыларына рақметімді айтамын. Олар сыйлаған кейбір минералдар мұражайымыздың ең көрнекті жәдігеріне айналды. Үшіншіден, компаниямыздың геология блогында еңбек ететін әріптестеріме де алғыс айтқым келеді.

Әрине, бұл мұражайды хоббиім ретінде жұмыстан бос уақытымда жасағандықтан,

негізгі жұмысыма ешқандай кедергі келтірген жоқ. Қайта кейбір нәрселерді іздеу, оқу, қайталау арқылы геология, минералогия, петрография саласында білімімді одан әрі жетілдірдім деуге болады. Мұражайдағы жәдігерлер көруге келген көрермендерге де геология туралы көптеген мәліметтер беріп қуантады деп ойлаймын. Геологиялық мұражай жұмыстарын тоқтатпай толықтыра берсек, болашақта «Ембімұнайгаз» АҚ қонақтарына мақтанышпен көрсете алатын үлкен топтамаға айналатынына сенімдімін.

Возрождая вечные ценности

Бейбүт БУЖЕНОВ

В Жезказганском нефтепроводном управлении АО «КазТрансОйл» инженер-электронщик Павел Меренков занимается гончарным делом и собственными руками создает из глины настоящие шедевры! Мы поговорили с Павлом об его увлечении.

– Павел Михайлович, расскажите немного о себе.

– Работая в дружном коллективе Жезказганского нефтепроводного управления вот уже 15 лет, инженером участка АСУ. Женат, воспитываю сына.

– Как начинали, и как долго занимаетесь гончарным делом?

– Прошлый год был несколько однообразным, без ярких событий. Однажды читал первую попавшуюся книгу. В ней главный герой, устав от повседневной суеты, отправился в гончарную мастерскую. И так сочно и красочно описал свои эмоции от работы с глиной, что и мне захотелось попробовать.

Мастерской в нашем городе нет. Гончарных кругов в Казахстане не продают, и я смастерил его сам из старой стиральной машины. Печь купил в Челябинске. В районе Жезказгана нашлось пять видов глины разных цветов. Сначала ничего не получалось, глина при высыхании трескалась и взрывалась в печи. Понадобилось более 100 экспериментов: смешивал в разных пропорциях, отстаивал, фильтровал, подсушивал. В итоге стало получаться что-то достойное.

У каждого человека есть потребность в творчестве и в том, чтобы создавать нечто красивое собственными руками. Гончарное дело дает радость творческого труда и неутолимое желание жить, как если после долгих поисков я нашел себя.

– Как известно, гончарное дело – одно из самых древнейших

ремесел в мире. История гласит, что первые изделия из глины и воды человек смастерил еще в эпоху неолита. В Китае этот промысел зародился еще за две тысячи лет до нашей эры. А в Древней Греции гончарное дело стало видом изобразительного искусства. Скажите, есть ли у Вас наставник?

– Есть! Безотказный, всегда готовый прийти на помощь. Называется YouTube.com. А если серьезно, наставника не хватает. Первые полгода не умел делать высокие формы, и не мог понять – в чем дело. Оказалось, что неправильно выводил цилиндр – основу, с которой надо начинать. Да и глина была ужасная.

– Это дорогое удовольствие?

– Не дешевое. Одна только печь обошлась в 400 тысяч тенге. Заказывать в Москве немецкую глазурь и глину тоже стоит прилично. Недавно купил сразу 120 килограммов голубой кембрийской глины. Зародилась она еще в кембрийский период, 500 миллионов лет назад. Работать с ней одно удовольствие.


– А что делаете с готовой продукцией?

– Продаю или дарю на Дни рождения. Это эксклюзивные подарки, таких не купишь в магазине. К тому же, ручная работа всегда в цене. Все изделия полностью функциональны, подходят для горячих и холодных блюд. Совсем недавно в подарок для АО «КазТрансОйл» сделал специальный чайник.

– Павел Михайлович, расскажите о планах на будущее.

– Как написано в книге «Гении и аутсайдеры», чтобы стать мастером в каком-то деле, ему нужно посвятить 10000 часов. Сейчас у меня не так много свободного времени. Хочу до конца определиться со своим стилем.

– Спасибо, за беседу! Желаем успехов и открытой дороги в Вашем творчестве!



Творец и художник



Познакомьтесь, на фото – Индира Идеева, наша талантливая коллега, лаборант химического анализа Атырауского нефтеперерабатывающего завода. Индира является выпускницей КазНТУ имени К.Сатпаева. За свою еще относительно небольшую трудовую биографию успешно проявила себя в работе. Например, в прошлом году Индира стала победителем конкурса «Үздік маман – 2018» на АНПЗ, затем – призером этого же конкурса среди ДЗО АО НК «КазМунайГаз». По ее словам, участие в подобных конкурсах дает возможность проявить себя, набраться опыта. Ее жизненное кредо – человек должен быть разносторонне развит.

«Я использую все свободное время для своего любимого хобби – это Fashion Illustrations – создание модных эскизов», – рассказывает Индира. Рисунки нашей коллеги прекрасны, и стоит отметить, что она также изготавливает декоративные вазы, картины на холсте. Создает эскизы одежды, аксессуаров.

По словам Индиры, творчество помогает ей духовно развиваться, самовыражаться, «делать этот мир еще прекраснее».

«Что меня заставляет двигаться вперед? Конечно, истории людей, которые добиваются больших успехов. Они вдохновляют меня и помогают добиваться той или иной поставленной цели, двигаться вперед», – делится Индира.



Шегінбей шыңдалған Бекзат

Айман ЕСБОСЫН

29 жасар Бекзат Абдужаппарұлы Джортанов Жетібай кен орнында сыртқы құбыр монтажшысы болып жұмыс істейді. Ол бала кезінде Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы дарынды балаларға арналған спорттық интернатта оқып, дәріс алды. 2009 жылы оны табысты аяқтап, еркін күрестен «Спорт шебері» атағын алып шықты. Маңғыстау облысының еркін күрестен 12 дүркін чемпионы, Оңтүстік Қазақстан облысында өткен бірнеше турнир жеңімпазы, бірнеше рет халықаралық додалардың чемпионы болып, жұлдызы жанды. Алайда 2010 жылы жарақат алуына байланысты спорттағы мансапты аяқтауға мәжбүр болды.

Сол жылы «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жұмысқа орналасты. Он күндік вахтадан үйге аман-есеп оралғаннан кейін өзінің бос уақытында сүйікті ісі дитейлингпен

айналысады. Оған жастайынан техникаға үйір, оны күтіп ұстауға құштар болған оның өз мәшинесін сату үшін өз бетінше әрлеп, дайындап көруге шешім қабылдағаны түрткі болды. «Менің де қолымнан келеді екен ғой», – деген ой келді. Өз темір тұлпарының ақауын өзі қарап, жөндеу үшін керек болған соң гараж сатып алған. Мәшинелерін апарып, жөндеп, әрлеп шығарып жатқанын көрген адамдардан «Менің де көлігімді сөйтіп әрлеп берші», – деген ұсыныстар түсе бастаған. Сөйтіп, ұрыста тұрыс болмайтыннай, іс бастаған соң Алматы қаласындағы автомобилдерге мұқият және толықтай күтім жасау операцияларының жиынтығы – дитейлинг қызметін көрсету курсы бітіріп, іске шындап кіріскен. Бекзат бауырымыз көп ұлтты кәсіпкерлер құжынаған нарық алаңында найзағай намысты шамшырақ етіп, мұндай жаңа істе қазақ баласының да таласы барын көрсетті. Қазіргі таңда Ақтау қаласындағы үздік үштік қатарында. Қасиетті Рамазан айында садақа ретінде

мұқтаж көлік иелері үшін үш күн тегін әрлеу, тазалау жұмыстарын жасайды, өткен оразада осындай 130 автокөлік қабылдаған. Құрбан айт мейрамында да сондай тегін қызмет көрсетіп келеді.

Тау жығар тәуекелі желкен болып, қандай іс болса да да шаршамай алға ұмтылып, сүйікті ісімен адамдарға қуаныш сыйлап жүрген Бекзат – жастарға үлгі, бізге мақтанш.



Жүрегі ән деп соққан мұнайшы қыз

Көзі мөлдіреген, қараторы, жымыып күлгені өзіне жарасымды қызды «Өзенмұнайгаз» АҚ ғимаратынан кездестірсеңіз, әнші Жаңыл Қойшыбаева деп біліңіз. Ол компанияда өтетін шаралардан қалыс қалып көрген емес. Сиқырлы даусымен көрерменді бірден баурап алатын Жаңыл бүгінде Логистика және материалды-техникалық жабдықтау департаментінде екінші дәрежелі инженер маманы болып жемісті еңбек етіп жүр. Бала кезінен өнерге жақын әнші қыз музыкалық мектептің фортепиано класында 7 жыл оқып, диплом алған.

– Естуімізше, сіз ән байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүрген көрінесіз?

– Дұрыс айтасыз. 2017 жылы облыстық «Шырқа даусым, шарықта!» деген фестивальге қатысып, бас жүлдені жеңіп алдым. Компанияда өткен «Күміс көмей» ән сайысының да бас жүлдесі өзіме бұйырды. 2018 жылы қазан айында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға қарасты мұнай компаниялары қызметкерлерінің қатысуымен Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен ән кешіне қатысып, «Сағындырған әндер-ай!» атты концертте эстрада жұлдыздарымен бірге ән шырқадым. Танымал әншілермен бір сахнада ән айту – мен үшін мәртебе. Көңілім өсіп, мерейім көтеріліп қалды. Мақтаныш сезімі оянып, қуанышқа кенелдім.

– Жаңыл, сізді «бір компанияның төңірегінде қалып қойдым, өнерім өріс ала алмай қалды-ау» деген өкініш мазаламай ма?



– Жоқ! Қаламыздағы жалғыз қалақұраушы компания болып саналатын «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс жасағаным үшін Алла тағалаға мың да бір шүкіршілік етемін. Мен әнсіз өмір сүре алмаймын. Жүрегім де ән салып тұрады.

«Спорт – менің хоббиім»

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС Өндірістік-технологиялық қызметінің (байланыс жөніндегі) инженер міндетін атқарушысы Дүйсенғали Күртікбаев мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ спортқа жаны құмар болып өсті. Бүгінде ол компания ұйымдастыратын спорт шараларына белсене қатысып келеді.

– Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Мен кәсіби спортшы емеспін, бірақ бос уақытымда міндетті түрде жаттықтыру залына барамын. Күніне 20 минут дене жаттығуымен айналысуды да ұмыт қалдырған емеспін. Өзімді футболдың



әсіре жанкүйерім деп айта аламын. Мектеп жасымнан футбол ойынын қалт жіберген емеспін. Осы спорт түрі бойынша осы күнге дейін жеткен жетістіктерім, алған жүлделерім аз емес. Атап айтқанда, «Үздік қақпашы» номинациясы, 2019 жылы Жоғарғы лиганың «Маңғыстау чемпионы» атағын еншіледім және басқа да марапаттар алдым. Облыс, қала көлеміндегі түрлі марафондарға да тұрақты қатысып келе жатырмын. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» – деп бекер айтпаған. Спорт – адамның рухани әлемі үшін де маңызды. Күйзеліске ұшыраған сәттерде дене жаттығуларына ден қойсаңыз, жаңа құлшыныс пен тың серпін арқасында ерекше өмір сүруге ұмтыла түсесіз.

Тоғызқұмалақтың қыр-сырын меңгерген Әсет

Қазақ халқының ежелгі ұлттық спортының бірі – тоғызқұмалақ. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл ойынның пайда болуы шамамен 4 мың жылдық кезеңді қамтитын көрінеді. Алайда, өкінішке қарай, елімізде тоғызқұмалақ ойыны туралы білетін жан-дар көп емес. Осыған орай, Сіздерді осы ойынды жетік білетін Әсет Сабақбаев есімді әріптесімізбен таныстыруды жөн көрдік.

Әсет Сабақбаев – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Сатып алуды дамыту және үйлестіру департаментінің жетекші маманы. Ол ҚМГ компаниялар тобы бойынша тауар-материалдық құндылықтарды сатып алуға жоспарланған бюджет жобаларының бағаларын қарау және келісу, коммерциялық ұсыныстар негізінде өнім берушілер нарығын зерделеу жолымен тауарларға баға маркетингін жүргізу, сондай-ақ, тауар-материалдық құндылықтардың қозғалысы бойынша ақпаратты тоқсан сайын жинау және т.б. сатып алуға қатысты қызмет түрлерімен айналысады.

Ал жұмыстан бос уақытында тоғызқұмалақ ойнайды. Ол 2015 жылдан бері ұлттық ойынның қыр-сырымен танысып, түрлі жарыстарға да қатысып келеді. Ол бізбен тоғызқұмалақтың ережелерімен, негізгі терминдерімен, сондай-ақ ойынның пайдасымен де бөлісті. «Меніңше, тоғызқұмалақ – терең ойды талап ететін, ойнасаң



қызығына тоймайтын халық даналығы қалдырған ойындардың бірі. Егер де осы асыл қазынамызды бағалай біліп, жоғары деңгейде ұстап, өсіп келе жатқан ұрпақ пен жастарды тәрбиелеуде, болашақ ғалымдар мен саясаткер-экономистерді даярлауда, олардың ойлау деңгейлерін ұшқырлауда қолданар болсақ, бұл ойынның тиер пайдасы көп болар еді», – дейді Әсет.

Айта кетейік, Әсеттің қоржынында бірнеше жүлделі орындар бар: 2017 жылы қалалық турнирда командалық 3-орын, 2017 жылы жеке ойында 2-орын, 2019 жылы Шымкент қаласында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған жеке ойында 3-орын.

«Егер де осы зияткерлік ойынымыздың бар қыр-сырын білгіңіз келсе, өз көзіңізбен көргіңіз келсе, онда тоғызқұмалақты қолыңызға алып, ойнап үйреніңіз, ұшқырланыңыз, зерттеңіз» – деп әріптесіміз әңгімесізді қорытындылады.



Марафоншы Айнұр

Айнұр Темірханова – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Өндіруші активтерді басқару департаментінің жетекші маманы. 2014 жылдан бері компанияның дамуына зор еңбек сіңіріп, мол үлес қосып келеді. Ол ҚМГ активтерін тиімді басқаруды ұйымдастыру, сонымен қатар еншілес ұйымдардың нәтижелі жұмысын қамтамасыз ету мәселелерімен айналысады. Айнұрдың ерекшелігі – жұмыстан бос уақытында спортпен белсенді айналысып, ірі марафондарға қатысады. Ол алғаш рет 2016 жылы «Астана марафонына» қатысқан. Жарыстың 10 шақырымдық сызығын 47 минутта жүгіріп өткен. Бүгінде оның 4 жылдық жеке қоржынында 17 медаль бар. Әріптесіміз неліктен жүгіруді таңдағанын, оның пайдасы, қыста жаттығудың қыр-сырын айтып берді.

– Қанша алуан спорт түрлерінің ішінен неліктен жүгіруді таңдадыңыз?

– Би, жүзу, ауыр атлетика секілді спорт түрлерінің белгілі бір тәртіптері бар. Ал қалаған уақытыңызда жүгіруге сізге ешкім



кедергі келтіре алмайды. Тіпті дәл қазір жүгірсеңіз де өзіңіздің еркіңізде. Мен үшін жүгіру – бұл өз ойыммен, арманыммен жалғыз қалатын құнды минуттар. Жүгіру барлық уайымдарды артқа қалдыруға, демалуға, таза ауамен тыныстауға және тыныштықпен рахаттануға септігін тигізеді.

– Жүгіруге қандай да бір теңдессіз сезімдер сыйлайды ма?

